Егер қазақ жерінің ортасынан тігінен және көлденеңін қос сызық тартар болсаңыз, тура соның түйіскен жерінде Ұлытау орналасқан. Бұл өзі қазақ жерінің кіндігі. Он мыңнан астам ғана адам тұратын Ұлытау ауданының жер көлемі екі жарым миллионнан астам халық тұратын Оңтүстік Қазақстан облысынан үлкен. Ал енді осындай киелі өлкенің қазынасы кеңес заманында асқан озбырлықпен, жабайылықпен тоналды. Кішігірім кен орындарының жанынан әуелі вахталық поселок салынды, кейін ол жерге халық келіп қоныстанды, ал кен таусылғанда солардың басым көпшілігі қаңырап бос қалды.

Қазіргі Жезқазғанның орнында бір кездері Кеңгір деген кент орналасқан. Ол әйгілі Степлагтың астанасы еді. Дәл осы Степлагта 50-жылдары 30 мыңға жуық тұтқын, көбінесе саяси тұтқындар болған. Байқайсыз ба, осыдан 70 жыл бұрын Ұлытау жерінде қазіргі Ұлытау ауданы халқынан саны үш есеге жуық көп тұтқын ұсталған. Олар ең қиын жұмыстарға жегілді. Тұтқын сорлыны кім аясын? Оларға ешқандай жағдай жасалмаған. Пайдалы қазбалар көрдің үстінен де, астынан да ешбір технологиялық, экономикалық талаптар сақталмастан қазып алынды. Кені таусылған орындар ашық-шашық күйінде тастап кетілді. Міне, Ұлытаудың қазынасы осылайша аяусыз тоналды.

Ұлытау кеңес заманында да томаға-тұйық өлке болды. Барар жол бар да, шығар жол жоқ. Міне, қазір сол өлкеге теміржол келді. Жолмен бірге мол инвестиция келді. Жаңа стансалар, ауруханалар, мектептер салынды. Халық сол жол арқылы батыс пен шығысқа қарай емін-еркін қатынайтын болады. Менің туған өлкеме жасаған осындай қамқорлығы үшін Елбасына зор рахметімді айтамын.

Нұрсұлтан Әбішұлына тағы бір үлкен алғысымды елордамыз Астана үшін арнаймын. Күн сайын жарқырап, жайнап өсіп келеді. Көше толған қазақ жастары. Қарасаң, көз тояды. Астанада әлемдік деңгейдегі үлкен медициналық холдинг жасалды. Оның басы-қасында менің ұлым, Джон Хопкинс университетінің профессоры Алмаз Шарман болды. Ол холдингке АҚШ пен Еуропадағы әріптестерін шақырды. Нәтижесінде холдинг әлемдік деңгейдегі аса күрделі операциялар жасайтын, әлем мойындаған медициналық мекемеге айналды. Елбасына Астана үшін, осы медициналық холдинг үшін ризашылығым шексіз.

Жалпы, кейінгі жылдары отандық медицинаның дамуына бөлінетін қаржы 6 есе өсіпті. Бұл дүниежүзінің бірде-бір елінде жоқ жағдай. Өкінішке қарай, осы мол қаражатты орынды пайдалану жағында кемшілік көп. Бұл бөлек әңгіме. Оның жай-жапсарын сәті түскенде Нұрсұлтан Әбішұлына өзім арнайы баяндаймын.

Ұлытауда тағы бір ұлағатты әңгіме айтылды. Ол тіл туралы. Рас, кеңес заманында Қазақстанда орыстандыру саясаты жүргізілді. Бәріміз амал жоқтықтан орысша сайрадық. Қазір жағдай басқаша. Қазақ тілі өсті, өркендеді. Енді оған төніп тұрған қауіп жоқ. Тіл қай уақытта өседі? Ол тілде сөйлессе, жазылса өседі. Ендеше, алдымен өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек.

Мен Елбасының ағылшын тілін жаппай үйрену керек деген пікірін толықтай қолдаймын. Өз басым ағылшын тілін алпыстан асқанда үйрендім. Өмір үйретті, мәжбүрледі. Қашанғы аудармашы жаныңда жүреді. Сексендегі мен ағылшынша сөйлегенде, сегіздегі бала оны оп-оңай қағып алады. Жалпы, қазіргі заманда ағылшын тілін білмей дәрігер болу қиын. Бұл – заман талабы. Біздің жастарымыз ғана емес, өзіміз де сол заман талабына сай болуымыз керек.

Ұлытау туралы сөзімді осы тақырыппен аяқтайын. Кезінде Америкаға барғанда немерелеріме Ұлытау туралы өте көп әңгіме айтушы едім. Сөйтсем, олар Ұлытауды Чикаго, Нью-Йорк сияқты үйлері көк тіреген үлкен қала деп ойлайды екен. Алғаш көргенде қорашсынып қалды, бірақ кейін жақсы көріп кетті. Қазір Ұлытауға бара салысымен тау-тасты кезіп кетеді. Суретке түсіреді, интернетке салады. Міне, туған жердің қасиеті деген осы. Сондықтан Елбасына Ұлытауға жасаған қамқорлығы үшін шын жүректен алғысымды айтамын.

Көпжасар НӘРІБАЕВ,

Ұлттық ғылым академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор:

– Иә, Ұлытау төрінде өте ұлағатты әңгіме болды. Қазақстанның бүгінгі жетістіктерінің бәрі Елбасының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елді тұрақтылыққа жетелеген сабырлы саясатына, мемлекетіміздің күш-қуатын арттырған нарықтық экономикалық модельді таңдауына байланысты деп білемін. Естеріңізде болар, сол жылдары Елбасымыз «әуелі – экономика, содан кейін – саясат» деген қағиданы ұстанды. Кеңестен кейінгі кеңістік елдерінде бірін-бірі алмастырған түрлі-түсті революциялар орын алып жатқанда Нұрсұлтан Әбішұлының дана саясатының арқасында Қазақстанның бүгінгі тұрақты дамуының кепілі саналатын берік экономикалық негіз қаланды.

Қазақстан – қазба байлықтарға өте бай ел, бірақ сол қазынаның бәрі жер астында жатыр. Оны өндіріп, халық игілігіне жарату үшін мол қаражат керек. Сол себепті Елбасымыз шетелдік инвестицияға айқара есік ашты. Нәтижесінде шетелдердің ең алпауыт компаниялары Қазақстанға келіп, экономикамызға қомақты инвестиция салды. Өзімен бірге осы заманның озық технологиясын әкелді, мыңдаған жұмыс орнын ашты.

Еліміздің экономикасы қарыштап алға басқанда Нұрсұлтан Әбішұлы оны диверсификациялауды, яғни әртараптандыруды қолға алды. Нәтижесінде Қазақстанда мұнай-газ саласы ғана емес, қара металлургия, түсті металл өндіру мен өңдеу, ауыл шаруашылығы саласы айтарлықтай өсті. Кешегі кеңес заманында қосып жазып жүріп 1 миллиард пұт, яғни 16 миллион тонна астықты әрең алатын едік. Қазір жыл сайын еш қиындықсыз 20-25 миллион тонна астық жинайтын болдық.

Ел экономикасы тұрақты даму жолына түскеннен кейін Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын ұсынды. Тіпті, бағдарламаға қатысатын отандық және шетелдік кәсіпорындарға мемлекет тарапынан аса зор көлемде қаржылай қолдау көрсетілді.

Кәсіпорындар қалыпты жұмыс істей бастағанда «30 корпоративті лидер» бағдарламасы бойынша отандық кәсіпкерлерді әлемдік бәсекеге сай өнім шығаруға ынталандыратын жаңа бағдарлама іске қосылды. Осылайша ұлттық экономика жыл сайын 5-10 пайызға дейін өсу орбитасына шығып, әлемдік бәсекеге қабілетті өнім өндіру дәрежесіне жеткенде, қазақстандық тауарларды бізден 7-8 есе үлкен Ресей мен Беларусь нарығына шығару үшін Кеден одағы мен Еуразиялық экономикалық одақ құру идеясын ұсынды және оны ойдағыдай жүзеге асырды. Мұны жатсынудың қажеті жоқ. Кезінде Еуроодақты да сынаушылар көп болған. Қазір оның пайдасын Еуропаның ең дамыған елдері көріп отыр. Сондықтан Елбасымыз Ұлытау төрінде осы мәселеге арнайы тоқталып, нақты мысалдармен дәлелдеп берді.

Мені экономист ғалым ретінде ел экономикасының дамуы ерекше қызықтырады. «Қазақстан жолы» деп аталатын Нұрсұлтан Әбішұлы ұсынған экономикалық даму моделін қазір бүкіл дүниежүзі ғалымдары зерттеуде. Олар осы модельді дамушы елдерге үлгі-өнеге ретінде ұсынуда. Бұл туралы жыл сайын Астана экономикалық форумына келетін ғалымдар ашық айтуда. Олардың ішінде атағы жер жарған әлемге әйгілі экономистер, Нобель сыйлығының лауреаттары Роберт Манделл, Джон Нэш, Роджер Корнберг, Джеймс Миррлис, Роберт Ауманн, Финн Кидланд бар. Бұлардың бәрі өз пікірін ешбір бұлтасыз, «барды – бар, жоқты – жоқ» деп ашық айтатын тәуелсіз ғалымдар. Нобель сыйлығының лауреаттары – өз абырой, беделдеріне ерекше мән беретін тұлғалар. Олардың Астана форумында айтқан сөздерін бүкіл дүниежүзінің экономист ғалымдары тыңдады, Қазақстанның өз экономикасын реформалаудағы айқын табыстарын ашық мойындады.

Қазір Батыс елдері Ресей экономикасына санкция салды. Сырттан келетін тауар көлемі қысқарды. Елбасымыз Еуразиялық одақ пен ортақ кедендік кеңістікті пайдаланып, Ресейге шығаратын өнім мөлшерін ұлғайтуды тапсырып отыр. Шындығында, біздің отандық кәсіпкерлеріміз қазір білек сыбана жұмыс істеп, босаған нарықты еркін жайлап алуы керек.

Елбасымыз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру идеясын ұсынды. Бұл да өте қажет бастама. Қазақстан жыл аяғына дейін осы ұйымға кіретін болса, тауар өндірушілеріміздің алдынан жаңа перспективалар ашылады. Біздің кәсіпкерлер осыған дайын болуы керек.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары Елбасымыздың дана басшылығымен ғасырға бергісіз даму жолынан өтті. Әлем таныған, дүниежүзінің ең беделді мемлекеттері санасатын қуатты елге айналды. Оның болашағы бүгінгіден де жарқын деп есептеймін. Бұған қажетті берік экономикалық негіз жасалды. Тек береке-бірлігіміз мықты болуы керек. Саяси тұрақтылық қана қарқынды экономикалық дамуды қамтамасыз ететін болады. Сондықтан бәріміз Елбасының төңірегіне топтасып, оның Қазақ елін өркениет биігіне бастайтын идеяларына әрдайым қолдау көрсеткеніміз жөн.

Өмірзақ АЙТБАЕВ,

Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор:

– Елбасы Ұлытаудағы сұхбатында ұлтымыздың ең нәзік әрі жанды жері – қазақ тілінің мәртебесіне қатысты сөз қозғай отырып: «Үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілін меңгергеніміз өте дұрыс. Соның ішінде біздің мемлекеттік тіл қатар келе жатыр. Біз соны неге ойламаймыз? Біз осылай үш тұғырлы тілді қолдансақ, түбінде біздің жолымыз ашық болады. Осыны түсіну керек», деді. Менің ойымша, бұл – аттандап жүрген тіл жанашырларына ғана емес, мұқым қазаққа ой салатын толғамды пікір.

Осыдан 23 жыл бұрын, Тәуелсіздік жарияланар кезде қандай едік, қазір қандаймыз? «Боламыз ба, бордай тозамыз ба?» деген қысталаң шақтың қылкөпірінде тұр едік. Елбасының қайратымен, бұқара халқымыздың сабыр-төзімімен ел болдық. Еңсемізді тіктедік. Сол бір қиын шақтарда тағдырына аландаған тіліміз қазір де аман-есен, өзін тудырған халықпен бірге өсіп, өркендеп келеді. Демек, оның бұдан әрі де қолданыс аясын кеңейтіп, өркендете беру тек өз қолымызда екен. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» дейтін мақалды тілімізге қатысты қолданатын кез де енді келген секілді. Өйткені, мына заман – жаһандану заманы. Біз қаласақ та, қаламасақ та әлем жұртымен, дамыған елдермен біте қайнасып, ықпалдастықта өмір сүруге мәжбүрміз. Сол дүрмектің ішінде жұтылып кетпей, Мәңгілік Ел боламыз десек, оза шапқандардың қатарына ұмтылуға тиіспіз. Ал бұл орайдағы байланыстың, қарым-қатынастың құралы беріде – орыстың, әріде – ағылшынның тілінде. Ендеше, осы тілдерді меңгермейінше, бәсекеге де ілесе алмайтынымыз анық қой. Елбасының үш тұғырлы тіл саясатының мәні де осында жатыр. Үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу – Қазақстан халқына қойылып отырған бүгінгі заман талабы.

Бұл орайда, Нұрсұлтан Әбішұлы әлемде айрықша орны бар екі тілдің қатарына қазақ тілін қою арқылы туған тіліміздің мәртебесін де асқататып отырғанын түсінгеніміз абзал. Қазақстан халқы мемлекеттік тілде сөйлеп, жазып, шығарма тудырып, ұлт руханиятын еселеуге, тіл аясын дамытуға тиіс болса, орыс, ағылшын тілдерін білу арқылы аталған тілдерді Қазақстанды дамытуға пайдалануы керек. Сонда біздің жолымыз ашық, болашағымыз жарқын болады. Елбасының дәл осы сөзі Қазақстанды туған Отаным деп білетін барша азаматтарға да ой салды деген үміттемін. Мұны Елбасы «Қазір өз тағдырын Қазақстанмен байланыстыратын адамның бәрі баласына қазақ тілін үйретіп жатыр» деген салмақты мысалмен айтты. «Болашақ біздің қолымызда. Болашақ бізге бетін бұрып тұр», дегені осыны аңғартады.

Қазақ тілінің болашағы қазақтың өз қолында. Осыны әр қазақ ұмытпауы керек. Ұлт тілін дамытуға әркім қал-қадерінше үлес қосуы керек. Сонда ғана дүниедегі барша қазақтың ана тілі – қазақ тілі өсіп-өркендейтін болады.

Еренғайып ШАЙХУТДИНОВ,

Ұлттық ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор:

– Мен өткен жылы «Елбасы жолы» фильмін үлкен ықыласпен көріп шықтым. Содан бір аңғарғаным, Нұрсұлтан Әбішұлы жастайынан үлкенді сыйлау, ата-баба салтын қадірлеу, анасын ардақтау, кішіге қамқор болу сияқты халқымыздың тамаша дәстүрлерін сақтап өсіпті. Ол Президентіміздің іс-әрекеті, сөйлеген сөзінен үнемі айқын аңғарылып тұрады. Ұлытау төріндегі сөздің тағылымы да ата-баба тарихын, тілін, салтын сақтау және оны осы заманның озық дәстүрлерімен ұштастырып, алға апаруымен байланысты деп білемін.

Елбасы шешіліп сөйледі, өте шешен сөйледі. Ең болмағанда алдында бір парак қағаз да болмады. Жүректегісін айтты. Жалпы, шын жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жететін болады. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлының сөзі бүкіл қазақ қоғамында зор серпіліс туғызды.

Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде айтарым, қоғамдағы отбасылық құндылықтарды насихаттауға біз әрдайым көңіл бөліп отыруымыз керек. Бұған ерекше мән беруіміз қажет. Экономикамыз қалыптанды, ғылым мен білім, медицина, жаңа технологиялар да қарыштап дамып келеді. Ал енді осының барлығына рухани тұрғыдан негіз болатын бастаулар керек. Олар – адамгершілік, ізгілік, парасаттылық, ұстамдылық, сыйластық, өнегелілік пен тәрбиелілік және т.б. ізгі қасиеттер мен амалдар.

Бұл ретте мен Елбасының ардагерлерге көрсетіп келе жатқан құрметін ерекше атап өтер едім. Елбасы ардагерлермен әрдайым жүздесіп, олардың хал-ахуалдарын біліп отыруды естен шығармауы оның бойында қалыптасқан үлкендерге деген құрметтің шынайы көрінісі дер едім. Ол ардагерлермен бір кездесуінде: «Сіздердің ақ шалған шаштарыңыз даналық пен өмір сүрген жылдардың тәжірибесін сақтап келеді. Сіздер майдан мен тылдың қатал мектебінен шыңдалып шықтыңыздар, елді қалпына келтіріп, соғыстан кейінгі жылдардың мұқтаждығы мен азабын тарттыңыздар. Сіздер бейбітшілік пен келісімнің бағасын білесіздер», деген болатын.

Елбасының Ұлытауда айтқан ойлары ел мен жерге деген құрметті арттырудың өнегесі болса, екіншіден, сол жерде туып-өскен, Отанға жан аямай қызмет еткен ата-бабаларымыздың салып кеткен өнегелі жолын ардақтай білудің де ғажайып үлгісі болды деп есептеймін.

Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ,

Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор:

– Қазіргі заманды әлемдік философтар мен саясаттанушылар «өркениеттер қақтығысы» кезеңі деп бағалауда. Америкалық ғалым С.Хантингтон «Өркениеттер қақтығысы» атты дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылған кітап та жазды. Тағы бір жапон тектес америкалық саясаттанушы Ф.Фукуяма «Тарихтың ақыры» деген еңбек жазып, адамзат өз дамуының соңғы сатысы, ең күрделі, қақтығысты сатысына шықты деген тезисті алға тартуда. Міне, осындай күрделі кезеңде бізге таразы басын тең ұстайтын кеменгер тұлға керек. Өз басым алуан тілді, алуан дінді әлемнің батысы мен шығысы түгел мойындаған

Нұрсұлтан Әбішұлын дәл осындай қайраткер тұлға деп білемін. Ұлытау төріндегі сұхбат бізге осыны тағы бір қырынан дәлелдеп берді.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев бағдарламалық сұхбатында алдағы ой-армандарымен де бөлісті. «Қазақстанның болашағы өте жарқын! Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бұдан да керемет елде өмір сүреді деп ойлаймын», деді Елбасы.

Жалпы, Нұрсұлтан Әбішұлының осы сұхбатында ұлттық философияның мәселелері айқын көрініс тапқан. Атап айтқанда, өткен тарихымызды қадірлеудің философиясы, ел болудың, мемлекет болудың философиясы, Мәңгілік Ел болудың философиясы тұнып тұр.

Біздің республикамыз әлемнің саяси картасынан өзінің лайықты орнын алды. Мемлекет басшысы ұлттық рухты нығайтуға шақырады. Бұл – дәстүр, патриотизм, жаңару мен жеңістер рухы. Ғасырлар тереңіне кеткен ұлттық тамырыңды білу арқылы балалар мен жастарды өткеннің игіліктерін құрметтеуге, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оларды туған Отанының шынайы патриоттары ретінде өсіруге болады.

Нұрсұлтан Әбішұлы тарихымызды жастар міндетті түрде білуі керек деп есептейді. Олай болса, жастар өз халқының рухани құндылықтарын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын терең меңгеруге тиіс.

Елбасы сұхбатында дін мәселесіне де айрықша тоқталып өтті. «Құранның қасиетті үкімдерін орындау үшін кемтарларға көмектесу, бір-бірімізге жанымыз ашу, бауырмал болу, үлкенді сыйлау, баланы тәрбиелеп өсіру, Отанды, елді қорғау, бірлікке шақыру арқылы дінді өркендеткен жөн», деді. Осылай еткенде ғана діннің мемлекетке зор пайдасы, үлкен қамқорлығы болатынын атап көрсетті. Сырттан оқып келген жастар біздің дәстүрімізге кереғар діни ағымдарды тықпалағысы келеді. Өздерінше бұл ағымдарды жөн санап, күшпен, зорлықпен таңғысы бар. Мұны қостай алмаймыз. Дін жолында күштеу, зорлау деген болмау керек. Әрине, басқа діндерді, оларды тұтынатындарды сыйлап, құрметтеген дұрыс.

Біздің мақсат негізінен дінді шынайы имандылыққа жақындатып, оның жақсы жағын алуға ұмтылу болу керек. Атына бүкіл ел қанық Жібек жолы қайта жаңғыруда. Құрлық көлігін дамытатын «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жолының маңызы ерекше. Жезқазған жеріндегі жаңадан салынған теміржолды Шығыс пен Батысты жалғайтын ғасыр жобасы деуге әбден болады. Бұл стратегиялық жоба Қазақстанның орталық өңірінен жөнелтілетін жүкті Батысқа, одан Еуропаға тікелей жеткізуге мүмкіндік береді. Осы жұмыстардың бәрі Елбасының биік мақсаты – Қазақ елінің Мәңгілік Ел болуы үшін атқарылуда.

Ғарифолла ЕСІМ,

Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор:

– Елбасы Ұлытаудағы сөзінде Ұлытаудың қасиетіне айрықша тоқталды. «Мына өзіміз келіп отырған Ұлытау – өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар», деді.

Расында да, Ұлытау – ұлан-байтақ қазақ даласының нағыз түп кіндігі, ұлықтау өңірі, Ұлытау жерінде Жошы ордасының орнауы, Шыңғыс тұқымының еуразиялық саясатына оның ұйытқы болуы бұл өңірдің даңқын әлемге танытып, мәртебесін биікке көтерді. Ұлытау сан жылдар бойы түркі-моңғол көшпенділерінің хандары мен ақсүйектері, батырлары мен дегдар топтары қоныстанған саяси-мәдени киелі жұртқа айналды. Қазақ хандарының, сондай-ақ, атакты тайпа көсемдерінің мүрдесі жерленген пантеон да осы Ұлытау өңірінде. Ел қамын жеген ер Едігенің және Тоқтамыс ханның Ұлытаудың ұшар басынан мәңгілік жай табуында да үлкен мән-маңыз бар. Алаша ханның сәулетті де асқақ әрі аса айбынды күмбезі Кеңгір өзенінің жағасында ерек бейнесімен ерекше көз тартып тұр.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Елбасымыз Түркістанда өткен зиялы қауым өкілдерімен кездесуде керемет ойлар айтты. Нұрсұлтан Әбішұлы: «Біз өз ұлтымызды тануда Абай шығармаларын, ислам дінінің ұлағатын алуда Ясауи ілімін басшылыққа алуымыз керек», деді. Керемет айтылған сөз! Елбасымыз Абайды жиі-жиі аузына алады. Бұл тегін емес. Қазақтың бүкіл болмысы данышпан Абайда тұр. Мен Елбасына абайшылдығы үшін ерекше тәнтімін және зор алғысымды білдіремін.

Ясауи ілімі, оның «Хикметтері» – қазақ үшін ғана емес, бүкіл түркі жұрты үшін ерекше қастерлі ұғым. Қазақстанға келген Түркия президенттері ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етпегендері сирек. Олар Елбасының ұсынысын бірден қолдап, Түркістанда Халықаралық қазақ-түрік университетін ашты, кесенеге жаңғырту жұмыстарын жүргізді. Ясауи қайда, Түркия қайда жатыр. Олар ұмытпаған. Өлі күнге дейін басын иеді, құрметтейді. Ендеше, ұлы бабамыздан біз де өнеге алуымыз керек.

Қазір Қазақстанда Сауд Арабиясы, Ливия, Пәкістан, т.б. елдерде діни білім алған жастар қаптап кетті. Олардың білімі біз тұтынатын Ханафи мәзһабына сәйкес келе ме? Осыны мықтап ойлануымыз керек. Нұрсұлтан Әбішұлы мұны бәрімізден бұрын ойлап, Алматыдан «Нұр мұбарак» атты қазақ-мысыр ислам университетін ашып берді. Ендігі кезде біз өзімізге қажет діни мамандарды өзіміз даярлауымыз керек. Елбасымыз – үлкен философ тұлға, Ұлытауда сөйлеген сөзінде ол ұлтының ұлы ұстазы ретінде осыны дәлелдеп берді.

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор:

– Мемлекет басшысы қасиетті Ұлытау баурайындағы сұхбатында: «Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлынғыр болуы мүмкін. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды», деді.

Халықтың тарихындағы баға жетпес құнды ескерткіштер ретінде бабаларымыздың эпикалық мұраларын, белгілі қазақ жазушылары мен ақындарының шығармаларын айтатынымыз белгілі. Елбасымыздың бастамасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы ойдағыдай жүзеге асты.

Еліміздің егемендікке ие болуы жаңа көкжиектерді ашты. Әдеби үдерісті дамытуға, ұлттық сана-сезімді дамытудағы әдебиеттің орнын айқындауға қолайлы жағдай жасады. Қазақ әдебиеті мен қазақтың әдебиеттану ғылымына репрессияға ұшыраған ақындар мен жазушылардың, Алаш қайраткерлерінің шығармашылық мұралары қайта оралды. «Бабалар сөзі» атты 100 томдық эпикалық және фольклорлық мұралардың, 20 томдық «Әдеби мұралардың» қолға тиюі үлкен жетістік.

Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасында әлемдік қоғамдастыққа лайықты түрде енудің барлық алғышарттары пайда болды. Ал еркіндік сүйгіш рух Ұлы Далада – өркениеттің бесігінде әрдайым үстемдік құрып, сақталып келген еді.

«Менің арнамым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан Мәңгілік Ел деген идеяны ұсындым. Мәңгілік Ел болу үшін бәрін жасап жатырмыз», деді сұхбатында Елбасы.

Мәңгілік Ел болуды мақсат еткен әрбір азамат тарихымыздың өткенінен сабақ алуы тиіс. «Орхон-Енисей» ескерткішінде, тасқа басылған «Күлтегін» жазуында көңіл бөлер тұстар бар. Түркі халқының елдіктен айырылуының себебін Күлтегін бабамыз соқырға таяқ ұстатқандай тізіп береді: «Әміршілері де біліксіз екен, жалтақ болған екен, бектерінің, халқының ымырасыздығынан, табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен, інілі-ағалының дауласқандығынан, бекті-халқының жауласқандығынан...». Бұдан шығатын қорытынды, елге ең алдымен қажеті – ауызбірлік, ынтымақ. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» дегенді ту ет деп тұр бабамыз.

Елбасымыздың қазіргі жүргізіп отырған саясаты Қазақстанды мекен еткен алуан ұлт өкілдерінің достығын, қазақтың өз ішіндегі ауызбірлігін, берекесін сақтауға арналған. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлының қазақтың тілі мен тарихына, діні мен дәстүр-салтын сақтауға қатысты сөзі әр қазақтың жүрек төрінен орын алады деп нық сенемін.

Менің шетелдердегі әріптестерім «Нұрсұлтан Назарбаевтай дана басшысы бар қазақтар қандай бақыттысындар» дегенді жиі айтады. Ендеше, біз Елбасымыздың қазақты береке-бірлікке, ынтымаққа бастайтын Ұлытау төрінде айтылған ұлағатты ойларынан тиісті ғибрат алуымыз керек.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,

Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

– Елбасымыздың ұлт тарихының керемет білгірі екендігін бұған дейінгі еңбектері мен сұхбаттарынан білетін едік. Әсіресе, Елбасының «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында» және «Қазақстан жолы» атты еңбектерінде қазақтың арғы-бергі тарихы ғана емес, болашақ дамуының да беталыс-бағдарына терең талдаулар жасалған. Отандық тарихшылар үнемі осы еңбектерді басшылыққа алып келеді. Ұлытау төрінде қысқа да нұсқа бірнеше тезистер алға тартылды. Біріншіден, қазақ – бай тарихы бар халық. Екіншіден, қазақ тарихын терең әрі жан-жақты зерттеу қажет. Үшіншіден, қазақ тарихын өзге елдер архивтерінен алынған деректермен салыстыра зерттеу қажет.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында ұлт тарихы жөнінде келелі ойлар қозғады. Елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталатынын, кейін көк түріктерге жалғасып, одан соң Алтын Орда орныққанын айтты. «Біз – өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек, қолға алып та жүрміз», деді Елбасы.

Президент атап өткеніндей, қолға алынып жатқан жұмыстар бар. Қытайдан, Ираннан қазақ тарихының жазба жәдігерлері жиналды. Осы жұмысты әрі қарай жалғастыру – баршамыз үшін міндет.

Елбасының сұхбаты тарихшыларға зор міндет жүктейді. Ұлт тарихын әлемдік тарих қазынасымен байланыстыра, салыстыра, деректік негізде зерделегенде ғана өзгелер алдында бетіміз ашық болады. Ғалымдарымыздың таңдаулы еңбектерін әлем тіліне айналып отырған ағылшын тіліне аударсақ, басқалар еліміздің мақсат-мүддесіне, әлемдегі орнына барынша қаныға түседі.

Көрші жатқан Ресей, Қытай ғалымдарымен тығыз байланыс орнатып, ортақ ғылыми жобаларды бірлесе жүзеге асырсақ, мұның да пайдасы зор. Біріншіден, кәсіби жағынан шыңдала түсеміз, екіншіден, біздің ұлтымызға, елімізге қатысты олардың архивтеріндегі, музейлеріндегі, кітапханаларындағы тың деректерге қол жеткіземіз. Тек бұл екі ел ғалымдарымен ғана емес, басқа да шетелдердегі ғалымдармен бірлесе жұмыс істейтін болсақ, көп нәрсеге жол ашылатыны анық.

Елбасы сұхбаты барысында мынаны атап көрсетті: «Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкенді, шешенді, бауырларыңды, балаларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың. Сондықтан тарихыңды білген жөн. Тарихын білмеген ұлттың

болашағы бұлыңғыр». Осының өзі басқаларды айтпағанда, тарихшы ғалымдарға зор жауапкершілік жүктейді.

Бақтияр СМАНОВ,

Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор:

– Елбасының сұхбатын әңгіме арқауына айналдыратын мұндай басқосулардың болып тұрғаны өте қажет. Ұлытаудағы ұлағатты сұхбат бәрімізге ой салғаны сөзсіз. Аз мәселе қозғалған жоқ. Қарап тұрсаңыз, бәрі де терең, салмақты дүниелер. Сұхбат дер кезінде берілді деп ойлаймын. Сұхбаттың басты лейтмотиві – жастар тәрбиесі деп білемін. Өз басым педагог-ғалым ретінде осыны аңғардым. Біз оларға қандай білім, қандай тәрбие береміз, елдің болашағы соған байланысты. Өйткені, біздің бүгінгі буын жасаған игі істерді алға апаратын да, дамытатын да – жастар.

«Арманы биік асыл ер ұрпақтың қамын ойлайды» деген сөз бар ақындар толғауында. Болашақ ұрпағының қамын ойлайтын нағыз асыл ер Елбасы деп білемін. Ол ел дамуының ең қиын кезеңінде, қаржы-қаражаттың өте тапшы кезінде «Болашақ» бағдарламасын жасады. Мемлекет тарапынан оны жүзеге асыруға орасан зор қаражат бөлгізді. Қазір он мыңнан астам талантты жастарымыз әлемнің ең озық университеттерінде білім алып, туған жеріне оралды. Жай ғана оралған жоқ, сол өздері білім алған елдердің озық дәстүрлерін ала келді. Солардың алды үлкен-үлкен, биік лауазымды қызметтерге арласа бастады. Бұл – әлемдік тәжірибеде теңдесі жоқ жоба.

Мен ұзақ жылдар білім беру саласында қызмет атқардым. Кеңес заманында Қазақстандағы мектептердің саны дабырайтып көрсетілгені болмаса, сапасы шамалы болатын. Олардың ішінде, тіпті, революцияға дейін соғылған ескі мектептер де өте көп болды. Елбасының тапсырмасымен тек кейінгі 10 жыл ішінде Қазақстанда 500-ден астам жаңа мектеп салынды. Мен мұны да Елбасының жас ұрпаққа деген ұлы қамқоршылығы деп бағалаймын.

Қазір еліміздің әрбір өңіріндегі талантты балалар іріктеліп, «Назарбаев мектептеріне» топтастырылуда. Мемлекеттен орасан зор көлемде қаржы бөлініп, университеттерге лайық ғимараттарда орналасқан осындай 20 мектепте Қазақстанның «болашағы» білім алуда. Бұл да әлемдік үрдісте жоқ жоба. Бұл – Қазақ елінің біліміне, ғылымына салынған қайтарымы да, қайырымы да мол инвестиция.

Елбасы Ұлытауда жастарға ұлтымыздың ұлы ұстазы ретінде әкелік ақылын айтты және еститін құлақтың бәріне жеткізіп айтты. Сондықтан ол халықтың көңілінен шықты. Ендігі жерде еліміздің барлық мектептерінде және жоғары оқу орындарында Елбасымыздың осы ұлағатты сөздерін терең зерделеп, жас ұрпақ санасына сіңіруіміз керек.

Бауыржан ОМАРОВ,

Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор:

– Бүгінгі сұхбатқа қатысушылардың ішіндегі ең жасы кішісі мен екенмін. Осыдан бірнеше жыл бұрын Елбасымыз Ұлттық ғылым академиясында өткен жиында «Ғылымға жас буынды тарту керек» деп ұсыныс жасаған болатын. Президенттің осы тапсырмасын орындау мақсатында академияда 50-ге толмаған ғалымдар арасында арнайы сайлау өткізіліп, ұлттық ғылым ордасының корреспондент-мүшелерінің қатары жас буын өкілдерімен толықты.

Менің тікелей қызмет істеген салам болғандықтан, Елбасының Ұлытауда сөйлеген сөзінен тіл мәселелесін ерекше бөліп атар едім. Мәдениет және ақпарат министрлігі Елбасы тапсырмасымен 2010 жылы Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірледі. Сол бағдарлама бойынша елімізде мемлекеттік тілді дамытуға қажет жағдайдың бәрі жасалуда. Бірақ тілді дамыту бір ғана министрліктің немесе мемлекеттің ғана емес, әр қазақтың абзал борышы деп білемін. Осы тұрғыдан келгенде, Елбасының Ұлытау төрінде айтқан сөзін әрбір министрлік және облыс әкімдері басшылыққа алуы керек. Нұрсұлтан Әбішұлы: «Қазір өз тағдырын Қазақстанмен байланыстыратын адамның бәрі баласына қазақ тілін үйретіп жатыр», деп өте жақсы атап көрсетті. Осында «тағдыр», «Қазақстан» және «қазақ тілі» деген үш киелі сөз бар. Осыған әрбір қазақ қана емес, өз тағдырын қазақ жерімен байланыстыратын әр адам ерекше назар аударуы керек.

Елбасы «тілді байыту керек» деп ашық айтты. Оған бұқаралық ақпарат құралдары атсалысуға тиіс. Қазақ тілін, сөз қадірін білетін, баспасөзде, теледидарда, радиода қызмет атқаратын біздің әріптестеріміз тілді шұбарламай, оның әдеби қалпын сақтауға ерекше назар аударуы керек. Қазір елімізде тек «Қазақстан» телеарнасы мен «Шалқар» радиосы тек қана мемлекеттік тілде хабар таратады. Сонымен қатар, 365 газет, 108 журнал қазақша шығады. Бұлардың ішінде 65-інің қазақша интернеттік нұсқасы таралады. Сонымен қатар, 7 ақпарат агенттігі жұртшылықты тек қана қазақша мәліметпен қамтамасыз етеді. Жыл өткен сайын мемлекеттік тілдегі интернет сайттарының қатары көбейіп келеді. Қазір олардың саны 450-ге жуықтады. «Фейсбук», «Твиттер» және басқа да әлеуметтік желілерде қазақша сөйлесетіндердің қатары артты. Телеарналарда негізгі бағдарламаларды қазақ тілінде жүргізетін өзге ұлт өкілдері жеткілікті.

Үшінші үлкен проблема термин жасауға қатысты. Елбасымыз айтқандай, біз халықаралық терминдерді жатсынбағанымыз жөн. Оларды қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес тілімізге батыл енгізу қажет. Сонда ғана ұлтпен бірге ұлт тілі де өседі.

Сөзімнің соңында айтарым, Ұлытау ұлағатын Қазақстанның барлық бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе, жергілікті ақпарат көздерінде кеңінен насихаттау керек деп есептеймін.

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі:

– Құрметті зиялы қауым. Бүгін Ұлттық ғылым академиясының жетекші ғалымдарының қатысуымен Елбасымыздың Ұлытау төрінде берген ұлағатты сұхбатынан туындайтын жаңа тұжырымдарды талқылауға арналған келелі әңгіме болды. Осы кездесуді ұйымдастыруға қолдау көрсеткен Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынұлы Жұрыновқа, атсалысқан барша ғалымға алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта ел өмірінде, халық тағдырында елеулі орын алатын осындай оқиғаларға байланысты тақырыптық басқосуларды өткізіп тұруды дәстүрге айналдыруға әбден болады деп есептеймін. Баршаларыңыздың еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін.

(Егемен Қазақстан, №207 (28430) 23.10.2014 ж)

ОТКРЫТИЕ «ЗАКОНА СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ГАРМОНИИ»

БАЙМУРАТОВ УРАЗ

**АКАДЕМИК НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Международная академия авторов научных открытий и изобретений (МААНОиИ, г. Москва) после тщательной экспертизы 17 октября 2014 г. приняла решение о выдаче казахстанскому ученому, академику Национальной академии наук Республики Баймуратову Уразу Диплома на научное открытие «Закона социально-экономической Гармонии»

**Директору НИИ
Финансового банковского
Менеджмента,
академику НАН РК
Баймуратову У.Б.**

Уважаемый Ураз Баймуратович!

От имени членов Президиума НАН РК и от себя лично сердечно поздравляю Вас с научным Открытием, которое признано Международной академией авторов научных открытий и изобретений.

Открытый Вами закон ведет к развитию Гармонии в мире, способствует сохранению и развитию нашей цивилизации. В этом его высшая ценность.

Желаю Вам и возглавляемому Вами НИИ финансово-банковского менеджмента научного вдохновения, новых свершений и новых открытий!

Здоровья Вам и вашим близким, благополучия и долгих творческих лет!

Президент НАН РК, академик

М.Журинов

Юбилейные даты

АКАДЕМИКУ ЖАБАГА СУЛЕЙМЕНОВИЧУ ТАКИБАЕВУ 95 ЛЕТ!

СТАРЕЙШИНА ФИЗИКОВ КАЗАХСТАНА

Жабага Сулейменович Такибаев – первый казах, ставший доктором физико-математических наук, академик НАН РК, профессор, заслуженный деятель науки и техники Республики Казахстан, почетный член ряда иностранных академий и международных научных организаций.

Жабага Сулейменович Такибаев родился 28 сентября 1919 года в Семипалатинской области. Его отец Сулеймен Такибаев был грамотным и уважаемым человеком, а дед Сулеймена – Такибай был хорошо знаком с Кунанбаем – отцом Абая Кунанбаева. Аул Такибая жил крепкой, большой, трудолюбивой и дружной семьей.

Трагические события начала и середины 20 века вихрем накрыли и казахскую землю. В 1932 г. Сулеймен Такибаев, будучи волостным бием, обратился к властям с просьбой о помощи голодающим в степи казахам, но без предъявления каких-либо обвинений был заключен в Семипалатинскую тюрьму. Вскоре в тюрьме он умер при неизвестных обстоятельствах, а затем умерла и его жена – мать Жабаги Такибаева. Так будущий академик и две его маленькие сестренки стали сиротами.

Сестренки поместили в разные детские дома Семипалатинска, а Жабага оказался в детдоме при ФЗУ (фабрично-заводское училище). В ФЗУ учителем физики и математики работал В.Ф. Криц, блестящий педагог и добрейший воспитатель, осветивший путь в науку юному Жабаге Такибаеву и многим другим своим ученикам.

Именно тогда, в суровые 30-е годы, сформировался характер Жабаги Такибаева – отвечать за все самому, быть лидером, заботиться о близких и друзьях, чтить память о предках, ценить мудрецов и любить науку. Он не только сам поднялся «на ноги» и достиг впоследствии больших высот в науке, но всегда помогал друзьям и близким, был опорой своим сестрам. А когда сам стал педагогом, то поддерживал своих талантливых учеников.

Именно по совету В.Ф. Крица молодой Жабага поехал в Ташкент и поступил в Среднеазиатский государственный университет (САГУ) на естественно-математический факультет, который в 1942г.он закончил с отличием. В связи с плохим зрением Жабага Сулейменович был освобожден от службы в действующей Армии и был прикреплен к отряду народной милиции. Затем был направлен на работу в Педагогический институт в г. Нукус.

По окончании войны он дерзнул поступить в аспирантуру ФИАН СССР в Москве (об этом знаменитом институте ему много говорили профессора САГУ, эвакуированные во время войны из Москвы в Ташкент) и стал аспирантом Отдела теоретической физики ФИАН СССР. Отдел возглавлял И.Е. Тамм (лауреат Нобелевской премии по физике 1958 года), а научным руководителем Жабаги Такибаева был назначен академик М.А. Марков. Поскольку теор.отдел был небольшим, то с аспирантом занимались почти все его именитые сотрудники и, конечно, сам академик И.Е. Тамм. Его аспирантом в то время был Андрей Дмитриевич Сахаров (лауреат Нобелевской премии мира 1975 года), один из создателей водородной бомбы, академик АН СССР.

Из воспоминаний академика Ж.С.Такибаева: «Четыре аспиранта теор.отдела были дружны. Двое - И.Таксар и я жили в общежитии на Малой Бронной 18, М.Рабинович проживал неподалеку, а А.Д.Сахаров был тогда уже семейным, с женой и ребенком жил у родителей и иногда присоединялся к нам...

В 1949 г. я переехал из Москвы в Алма-Ату. В общежитие меня пришли проводить И.А.Таксар, М.С.Рабинович и А.Д.Сахаров. Мне было приятно ощутить по-прежнему хорошее отношение моих сокурсников, чувствовавших, наверное, мои переживания...»

Переживания Ж.С. Такибаева были связаны с его отстранением от атомного проекта (возможно, из-за заключения отца в тюрьму). Узнав позже об ужасающих последствиях атомных взрывов, он никогда больше об этом отстранении не сожалел.

В Казахстане Ж.С. Такибаев развернул активную научно-организационную деятельность, что было привычно для его поколения и необходимо для стремительно возрождавшейся послевоенной экономики и, особенно, для ее научно-технической составляющей. В 1950 г., высоко в горах, за Большим Алматинским озером он вместе со своими учениками и коллегами начал собирать свою первую установку по регистрации космических лучей. Вскоре он организовал Физико-технический институт АН Казахской ССР и стал его директором. Продолжая расширять высокогорную научную станцию, он затем на ее основе совместно с ФИАН СССР организовал Высокогорную международную научную станцию Космических лучей. По результатам исследований физики космических лучей он защитил в 1958 г. докторскую диссертацию и был избран академиком АН КазССР.

Его последующий краткий послужной список: академик АН КазССР (1958), доктор физико-математических наук (1958), профессор (1959), заслуженный деятель науки КазССР (1967). Он избирался на должности: академик-секретарь Отделения физико-математических наук АН КазССР (1954-1957, 1962-1963), вице-президент АН КазССР (1962-1971). Он награжден орденами Трудового Красного Знамени, «Парасат», медалями, почетными грамотами.

Все эти годы академик Ж.С. Такибаев вел научно-педагогическую деятельность, получил звание профессора Казахского государственного университета, заведовал кафедрой этого университета.

Академик Ж.С. Такибаев был одним из организаторов Института ядерной физики АН КазССР и стал его директором в 1964—1970 годах. Затем он основал Институт физики высоких энергий АН КазССР, который возглавлял в 1970—1977 годах. Так расширялся диапазон его деятельности, возникали новые физико-технические направления, укреплялся материальный, научный и кадровый потенциал Казахстана.

Научные работы академика Ж.С. Такибаева касаются многих направлений физики и техники. Это работы в области классической электродинамики, физики космических лучей, физики высоких энергий. В физике космических лучей он одним из первых исследовал характер взаимодействия быстрых нуклонов с ядрами различных элементов, образование кластеров и фейрболов, переходной эффект. Совместно с другими получил новые сведения о характере неупругих взаимодействий адронов. В области теоретической ядерной физики он на основе нелинейных уравнений квантовой механики развил теорию инклюзивных реакций множественного рождения адронов.

В то же время академик Ж.С. Такибаев активно занимался общественной работой: был депутатом Верховного Совета республики, входил в состав его Президиума, являлся председателем проблемного совета по ядерной физике и физике элементарных частиц. Был членом ученых советов ряда институтов Алматы и Москвы, председателем диссертационных советов.

В 1993 году Правительством республики академика Ж.С. Такибаева назначают научным руководителем Национального ядерного центра Республики Казахстан (НЯЦ РК), в организацию и создание которого он внес основополагающий вклад, а его опыт и знание определили развитие и укрепление НЯЦ РК, и дали высокий положительный имидж на международной арене.

Ж.С. Такибаев является автором более 700 научных трудов, монографий и изобретений. Под его руководством защищались докторские и кандидатские диссертации (более 40).

Ж.С. Такибаев внес огромный вклад в становление и развитие физической науки как в Казахстане, так и за рубежом. С его именем связано развитие многих физических направлений в науке Казахстана, в частности, физики высоких энергий, элементарных частиц и космических лучей, физики твердого тела, прикладных проблем ядерной физики, безопасности атомной энергетики, радиационной экологии и др.

Сейчас академик Ж.С. Такибаев находится на заслуженном отдыхе, в кругу своей семьи, которые заботятся о нем и желают ему долголетия, хорошего самочувствия и здоровья.

Все его друзья, ученики и коллеги, знакомые и родственники поздравляют его с 95-летием и выражают свое искреннее уважение к его научным заслугам, его общественной и педагогической деятельности, и также желают ему хорошего самочувствия и здоровья.

Использованы воспоминания академика Ж.С. Такибаева, опубликованные материалы и печатные статьи, в частности:

1. Республиканская ежедневная газета «ЛИТЕР», 236(935), 22 декабря 2007, с. 8
2. Такибаев Ж.С., Атомная энергия – разрушающая и созидаящая, Алматы, НИЦ «ГЫЛЫМ», 2002, 220 с., ISBN 9965-07-075-6
3. НАН РК, Энциклопедический справочник, Алматы «ГЫЛЫМ», 1996, ISBN 9965-07-075-6

Президиум НАН РК

Танымал түркітанушы ғалым, ұлағатты ұстаз, ҚР ҰҒА академигі Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызына – 90 ЖАС!

ҚҰРМЕТТІ РӘБИҒА СӘТІҒАЛИҚЫЗЫ!

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Төралқасының атынан Сізді бүгінгі мерейтойыңыз - 90 жасқа келуіңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз 1924 жылы 17 тамызда Ақтөбе облысы Ойыл қалашығында дүниеге келдіңіз. 1938-1940 жылдары Темір қаласындағы педучилищеде оқыдыңыз. Еңбек жолыңызды 16 жасында бастап, 1940-1945 жылдары Алға поселкесі мен Темір қаласында мектеп мұғалімі, педучилище оқытушысы болып қызмет еттіңіз. 1945-1947 жылдары Абай атындағы Алматы педагогикалық институтында оқып, 1947 жылы үздік бітіргенсіз. 1947-1951 жылдары осы институттың аспирантурасында оқыдыңыз. 1951-1957 жылдары Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасында (қазіргі «Рауан») редактор, редакция менгерушісі болып қызмет еттіңіз. 1957 жылы ҚазССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына (қазіргі кезде - Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты) жұмысқа шақырылды. Ғылым жолындағы ізденістерін кіші ғылыми қызметкер ретінде бастап 1961-1994 жылдары осы институтта бөлім менгерушісі, 1994 жылдан бүгінгі күнге дейін бас ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеп келесіз.

30-ға жуық кітап, 400-ден астам мақала жаздыңыз. Ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты: абайтану, қазақ әдеби тілінің бесғасырлық (XV-XIX ғ.) тарихы, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің (Ясауи «Хикметтері», Қадырғали Жалайырдың «Жами'ат-тауарих» атты мұраларының) тілі, сөз мәдениеті, лингвистикалық стилистика, алаштану, лексикология, лексикография т.с.с.

1959 жылы «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғадыңыз. Сіздің көрнекті ғалым ретінде ерекше ден қойып, зерттеген салаларының бірі - қазақ әдеби тілінің бесғасырлық (XV-XIX) тарихы. Қазақ тіл білімінде «лингвистикалық стилистика» деп аталатын жаңа саланың негізін салушысыз.

Сіздің жетекшілігіңізбен 9 ғылым докторы мен 20 ғылым кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Құрметті Рәбиға Сәтіғалиқызы, 90 жылдық мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге, отбасыңызға мол бақыт, зор денсаулық, ұзақ өмір және шығармашылық шалқар шабыт тілейміз!

ҚР Ұлттық ғылым академиясының Төралқасы

Аманжолу Кошановичу КОШАНОВУ 80 лет!

Заслуженному деятелю науки и техники Республики Казахстан, лауреату премии имени Ч.Валиханова в области общественных наук, академику Национальной академии наук Республики Казахстан, доктору экономических наук, профессору.

От имени Президиума Национальной академии наук Республики Казахстан искренне и сердечно поздравляем Вас со славным юбилеем – 80 летием со дня рождения!

Мы знаем Вас как выдающегося ученого, известного организатора науки и общественного деятеля, внесшего большой вклад в развитие отечественной экономической науки и внедрение научных разработок в практику народного хозяйства. Вами были заложены основы новых научных направлений в экономической науке: формирование социально-экономических основ выравнивания условий труда и основ жизнедеятельности по республикам и регионам, системное исследование теоретических основ последовательного формирования социально-ориентированной рыночной экономики и укрепления экономического суверенитета Казахстана. Огромную лепту в развитие отечественной науки Вы внесли, работая сначала в должности директора Института экономики АН КазССР и затем долгие годы на руководящих должностях в НАН РК: вице-президента, Главного ученого секретаря Президиума, академика-секретаря Отделения общественных и гуманитарных наук, члена Президиума НАН РК и Коллегии МН-АН РК. За монографию «Индустриальный прогресс Казахстана в период развитого социализма» в 1983г. Вы были удостоены звания лауреата Премии им.Ч.Валиханова. За заслуги в научной и организационной деятельности в 1995г. Вам было присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки и техники РК».

Вами опубликовано более 450 научных трудов, в том числе 40 монографий. Весьма солиден Ваш вклад и в подготовку научных кадров, под Вашим научным руководством защищены 15 докторских и более 60 кандидатских диссертаций.

Весьма обширна Ваша научно-организационная, издательская, общественная и международная деятельность. Вы достойно представляете казахстанскую экономическую науку на международном уровне.

Ваши заслуги отмечены высокими государственными наградами: орденом «Парасат» (2004г.), медалями «За трудовое отличие», «За доблестный труд», Почетной медалью «Выдающийся интеллект 21 века», многочисленными Почетными грамотами и Почетными знаками.

Дорогой Аманжол Кошанович! В день Вашего славного юбилея желаем Вам крепкого здоровья и счастья, семейных радостей и творческого долголетия!

Президиум НАН РК

Памяти ученого

УФА МЕНДБАЕВИЧ АХМЕДСАФИН

НЕИССЯКАЕМАЯ ВОДА – ВЕЧНЫЙ ПАМЯТНИК УЧЁНОМУ



«Памяти нужны пристанища, не будем помнить мы, забудут и нас», - писал академик Д.С.Лихачёв.

В этом году отмечается 30-летие со дня кончины крупнейшего ученого-энциклопедиста, гидрогеолога, географа, эколога, Героя Социалистического Труда Уфы Мендбаевича Ахмедсафина, одного из самых ярких представителей блестящей когорты учёных, с именем которого связан расцвет казахстанской науки. У.М.Ахмедсафин – основатель гидрогеологической науки и школы аридной гидрогеологии в Казахстане, автор уникальной методики поиска подземных вод в зоне засушливых пустынь.

Его труды, научные открытия намного пережили учёного и актуальность их в условиях дефицита пресной воды на планете чрезвычайно возрастает. Работая в сложных климатических условиях, он обследовал огромные пространства знойных песчаных пустынь Казахстана и Средней Азии, считавшиеся совершенно безводными, и, исходя из научных предпосылок, открыл многочисленные подземные моря, озёра и реки, расшифровал и объяснил их происхождение, определил ресурсы и наметил широкие перспективы их использования на благо человечества.

У.М.Ахмедсафин родился в Северном Казахстане. В 1930-1935 гг. окончил Среднеазиатский геологоразведочный институт в г.Ташкенте.

В 1935 году У.М.Ахмедсафин поступил в аспирантуру в Московский геологоразведочный институт им. С.Орджоникидзе. Его учителями были академик Ф.П.Саваренский, члены-корреспонденты Н.Г.Каменский, Н.Н.Славянов, О.К.Ланге. После успешной защиты кандидатской диссертации в 1940 году, по согласованию с вице-президентом АН СССР академиком О.Ю.Шмидтом, был направлен в Казахстанский филиал Академии Наук СССР в г. Алма-Ата, где им впервые был создан Сектор гидрогеологии и инженерной геологии.

В годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) У.М. Ахмедсафин организовал и возглавил комплексную экспедицию в пустынные районы республики для выявления возможностей нахождения водных ресурсов и содержания эвакуированных на восток заводов, предприятий и скота: предстояло выяснить, имеется ли в пустынях достаточное количество подземных вод. Было обнаружено, что в обследованных районах Южного Казахстана песчаные пустыни не безводны и в них широко распространены доброкачественные подземные воды, пригодные для использования.

